



МАҚСАТЫҢ
ӨЗІНДІКІ
МЕ?




АЛЛА КІМДІ
ЖАҚСЫ
КӨРЕДІ?

Мұнарға

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТИ

№23 (77)
6.12.2022
СЕЙСЕНБІ



Қажымұқанның ата-әжелері туралы әңгімелердің негізінен өз аузымен айтуынан 1946 жылы Отырарда араб әрпімен хатқа түскенін айта кету керек. Сондықтан да бұл бағыттағы деректердің қандай да бір қатасы болуы мүмкін емес. Әсіресе оның әжесі Айсары жөніндегі таңғаларлық мағлұматтары балуанның қайтіп біз білетін асқаралы тұлға – әлемдік чемпион Қажы балуанға айналуын да жіті тани түсуге зор көмек бере алады. Себебі алдыңғылардың енегесі мен үлгісі алтын-күміс, жауһардан да қымбат емес пе?

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ӘЖЕСІ БАЛУАН БОЛҒАН БА?

Қажымұқанның түп нағашысы, яғни Мұнайтастың нағашысы Сары Тарактыдан шыққан атакты батыр Байсеу деген кісі екен. Міне, соның ару қызы Айсарыны Қараөткелге бір барғанда ұшырасып, сүйіспеншілікке ұласып, өз заманында ер даңқы алты Алашқа мәшһүр болған атасы Ернақы батыр алған. Қазақ сахарасында қай заманда, кім болмасын, өзара ұнатысқан жастардың өз ұйғарымымен қосылуы әжептәуір қиын іс. Абырой болғанда, бұл шаңырақ көтерудің басы ашы болса да, әйтеуір соны тәтті болып аяқталыпты. Онда да сол замандағы дала низамының аясында қыз мәселесінің дау-ошарсыз бітуіне Кенесарының ықпалы болды дейді дерек-көздер.

(Жалғасы 7-бетте)

«САТПАҢДАРШЫ! ОНДА ӘЖЕМНІҢ ИІСІ БАР...»



Ел ішінде түрлі ғибратты оқиғалар боп жатады ғой. Бірде таныс имамнан осы оқиғаны естігенде әкеме деген сағыныш тұлабойымды шымырлатып жіберді. Осы әңгімеден ой түйгенім: әкенің әр сөзі, оған қатысы бар барлық нәрсе – бала үшін баға жетпес байлық, қазына, ешқандай дүниемен айырбастауға тұрмайтын қымбат құндылық...

4
БЕТ



ҚҰТҚАРУШЫҒА ҚҰРМЕТ

Қатер мен қуаныштың қатар жүретін қашанғы әдеті. Қоғам болған соң қауіп-қатер болмай тұрмайды. Бірақ өне-міне қайғыға жіп жалғағалы тұрған апаттың алдын орап, ізгілік сәулесін себетін құтқарушылар қай кезде де табылады. Оларға нендей қошемет айтып, қандай марапат көрсетсек те жарасады. Біз қазір сондай батырларымызды жөнімен ұлықтай білуді де үйреніп келеміз. Бұл да азаматтық қоғамның сүйінші көрінісі, даму кезеңіміздің біртіндеп өсіп келе жатқанының белгісі шығар, бәлкім.

Биылдыққа қаншама оқыс оқиға болып, соның басым көбі абырой болғанда жақсылықпен тәмам болды. Шіліңгір шілдеде Есдәулет есімді 17 жастағы жігіт Астанадағы көпқабатты үйдің терезесінен құлап кеткелі тұрған баланы аман алып қалды. Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов жасөспірімге лайықты құрмет

көрсетіп, тегін білім грантын да тарту етті. Қызылордада кәріз құдығына құлап түскен 2 жасар баланы жер астынан алып шыққан Арман Аманжоловтың ісі де мадаққа лайық. Осы қоныр күзде елордала полицией Самат Сәбит өзенге ағып бара жатқан 51 жастағы ер адамды ажал тұзағынан аман сақтап қалды. Ол өз өмірінің

қатерін ойланып жатпастан, мұзды өзенге секіріп, ер адамды жағаға алып шығып, дереу жедел жәрдем бригадасын шақырған. Полиция қатарында 10 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істейтін Самат Сәбит төрт бала тәрбиелеп отырған ардақты әке.

(Жалғасы 3-бетте)

QR КОД АРҚЫЛЫ ТЫҢДАҢЫЗ!



Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлының «Тәпсірлердің таңдаулысы» тақырыбындағы үшінші дәрісін тыңдаңыз.



ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі Батыржан Мансұровтың «Періштелер» тақырыбындағы дәрісін осы жерден тыңдауға болады.




ҚМДБ Діни оңалту бөлімінің меңгерушісі Хасан Аманқұлдың дәрісін тыңдаңыз. Дәріс тақырыбы – «Шариғатты берік ұстанудың қажеттілігі».



Әр айдың намаз кестесін осы жерден көрсеніз болады. Мұнда еліміздің барлық қаласындағы намаз кестесі жинақталған.



СЕНСАЦИЯҒА ТОЛЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



Футболдан XXII Әлем чемпионатының Ислам елі Катарда, қыс маусымында өткізілуінің өзі сенсация еді. «Әл-Байт» стадионында өткен ашылу салтанатында Құран аяттарының оқылуында сенсацияға балауға болады. Әлем чемпионатындағы Катардың ерікті елшісі, дүниеге екі аяқсыз келіп, соған қарамастан өмірге деген ғажайып құлшынысымен күллі әлемді төңіреткен 20 жастағы қари Ғаним әл-Мифтах аят оқып, чемпионаттың шымылдығын ашты.

БАСПАСӨЗ-2023

«МҰНАРА»
ГАЗЕТИНЕ 2023 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ
БАСТАЛДЫ

Жазылу индексі: 64747

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

	Қала бойынша	Аудан-ауыл бойынша
3 айға	577,80 теңге	603,60 теңге
6 айға	1 155,60 теңге	1 207,20 теңге
12 айға	2 311,20 теңге	2 414,40 теңге

«МҰНАРА» (MUNARA1) ГАЗЕТИНЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ БАРЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ ҚМДБ-ҒА ҚАРАСТЫ БАРЛЫҚ МЕШІТТЕР АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ. ГАЗЕТ АЙЫНА 2 РЕТ ШЫҒАДЫ.

АНЫҚТАМА ТӨЛЕФОНДАРЫ:
«ҚАЗПОШТА» АНЫҚТАМА БӨЛІМІ: 8 (7172) 58-02-96
«МҰНАРА» ГАЗЕТИНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ: 8 (7172) 99-98-86

«MUNARA FM» РАДИОСЫ АШЫЛДЫ

Астанада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «MUNARA FM» интернет радиосы ашылды. Салтанатты ашылу шарасына ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, «Қазақ радиолары» ЖШС бас редакторы, Қазақ радиосының директоры Дулат Абибуллаев, сондай-ақ ҚМДБ Орталық аппаратының қызметкерлері қатысты.

«Діни басқарманың «MUNARA TV» арнасы бар, енді интернет радиосы да іске қосылды. Радио тыңдармандар назарына күн сайын бағдарламалар мен аудио-кітаптар ұсынады. Одан бөлек балаларға арналған хабарлар мен имам-ұстаздардың уағыз-дәрістерін де радио арқылы тыңдауға болады» деп атап өтті Наурызбай қажы Тағанұлы.

Айта кетейік, «MUNARA FM» радиосынан тыңдармандар ҚМДБ мен «Қазақ радиосының» бірлескен жобасы – «Ықылас» радиобабын, «Фибратты әңгімелер» сағатын, «Ихсан – рухани тәрбие негізі» кітабының аудио нұсқасын, Наурызбай қажы Тағанұлының «Үміт сәулесі», Алау Әділбаевтың «Санлақ сахабалар», Қалмахан Сейітұлының «Пайғамбарлар тарихы» аудио-кітаптарын тыңдай алады. Сондай-ақ радио эфирінен қасиетті Құран Кәрімнің қазақша түсіндірмесін, балаларға арналған «Мұсылман әліппесі» хабарын, мүфтият ұстаздарының Республикалық бас мешіттегі дәрістері мен елімізге танымал имамдардың әсерлі уағыздарын т.б. аудиожобаларды тыңдауға болады.

ПӘТУА МАМАНДАРЫНА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

ҚМДБ ғимаратының Абай кітапханасында Діни басқарманың пәтуаға жауапты және діни ақпарат беру орталығы (Call орталық) мамандарының біліктілігін арттыру мақсатында «Цифрлық замандағы пәтуа беру әдістері мен механизмдері» тақырыбында семинар өтті.

Семинарды Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы ашып беріп, пәтуа мамандарына дәріс оқыды. Бас мүфти қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты пәтуа шығару, халық тарапынан келген сұрақтарға жауап беру ҚМДБ-ның басты жұмыстарының бірі екенін айта келіп, сауапты да, жауапты істі жауапкершілікпен атқарып келе жатқан дін қызметкерлеріне алғыс айтты.

Сондай-ақ семинарда наиб мүфти, ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімінің меңгерушісі Сансызбай Құрбанұлы «Цифрлық заманда – пәтуа берудің рөлімен маңыздылығы», «Зекет және қайырымдылық» қорының директоры Мақсатбек Қайырғалиев «Ислам экономикасында зекет және уақып қорларын басқарудың шариғи талаптары», ҚМДБ Шариғат және пәтуа бөлімі мамандары Бауыржан Абдуалиев пен Медет Құрсаков «Цифрлық заманда пәтуа берудің методикасы» және «Отбасылық құндылықтар (проблемалар, шешімдер)» тақырыбында дәріс оқыды. БАҚ қызметкерлері – «Мұнара» газетінің бас редакторы Серікбол Хасан «Діни мәтіндер дайындаудың әдіс-тәсілдері», PR және SMM маманы Ернар Сеитахмет «Қоғам, дін және әлеуметтік желілер» тақырыптарында тренинг өткізді. Семинар соңында ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы спикерлерге алғысын жеткізіп, Діни басқарманың пәтуаға және діни ақпарат беру орталығына жауапты мамандарға арнайы сертификат табыстады.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ ЖИЫНЫ ӨТТІ

Астана қаласында ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы кезекті аппарат жиналысын өткізді.

«Өздеріңізге белгілі, мен жыл басында барша дін қызметкерлеріне бағдарлық баяндамамды жолдап, бірқатар тапсырма бердім. Аллаға шүкір, жоспарланған жұмыстар орындалды. Өздеріңізге тапсырылған тапсырмаларды тиянақты орындап шықтыңыздар. Ол үшін сіздерге айрықша алғысымды білдіремін. Ендігі мақсат – жана 2023 жылда ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Мәжілісте Бас мүфти жастарға дұрыс діни ақпарат жеткізуге, дін мен дәстүр сабақтастығын көбірек дәріп-теуге назар аударып, нақты тапсырмалар берді.

БІР МЕЗЕТТЕ ДҰҒА ЖАСАЛДЫ

3 желтоқсан – Халықаралық мүгедектер күні қарсаңында ҚМДБ «Зекет және қайырымдылық» қорының ұйымдастыруымен бесін намазы кезінде еліміз бойынша бір мезетте Құран оқылып, дұға жасалды.

Астанадағы Республикалық бас мешітке өткен айтулы шараға ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы қатысып, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі жандарға, олардың асыраушылары мен дәрігерлерге, қамқорлық танытып жүрген азаматтар үшін арнайы дұға жасады.

«Жаратқан Алла бүгінгі мешіттерімізде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін жасалып жатқан дұғаларымызды қабыл ете гөр. Алла Тағала тағдырдың сынағына ұшыраған жандардың дертіне шипа, дендеріне саулық бер. Жаратқан Алла оларға тура жолыңды, иманыңды нәсіп ет! Олардың тез арада сауығып кетуін нәсіп ет. Отбасыларына амандық бер!» деді Бас мүфти жамағатпен бірге жасаған дұғасында.

Айта кетейік, Бас мешітке өткен іс-шараға бесін намазына келген жамағат түтел қатысып, баршасы дұға жасады.



ШЫҒЫСТАНУ ЖӘНЕ РУХАНИЯТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Осындай тақырыппен Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҰҒА академигі, көрнекті ғалым, дипломат Әбсаттар Дербісәлінің 75 жылдығы және мемлекеттік, қоғамдық, діни қызметінің 50 жылдығына арналған конференция өтті.



Конференцияға ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Жансейіт Түймебаев, ғалымның жұбайы, дипломатия ардагері Рафия Дербісәліева, сонымен қатар көрнекті шығыстанушы ғалымдар мен дін қызметкерлері, елшілер мен шетелден келген мәртебелі меймандар қатысты.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы баяндама жасап, Әбсаттар қажы Бағысбайұлының отандық дін мамандарын даярлауға баса көңіл бөлгенін алға тартты. «2001 жылы Нұр-Мұбарак университетін ашты. Қазіргі таңда университет діни жоғары білімді маман даярлайтын бірден-бір оқу орынына айналды. Мешіттерде қызмет етіп жүрген дін қызметкерлерінің білімі мен біліктілігін арттыру мақсатында 2002 жылы «Республикалық имамдардың білімін

жетілдіру ислам институтын» ашып, имам, молдалардың білімін жетілдіру ісін қолға алды» деді Наурызбай қажы Тағанұлы. Сонымен қатар республикамыздың 9 аймағынан 9 медресе, 1 қарилар даярлайтын орталық ашып, арнаулы діни білімді мамандарды шығаруға сүбелі еңбек еткенін атап өтті.

«Әбсаттар қажы Дербісәлі хазірет Бас мүфти қызметін атқарумен қатар сайын далаң санлақтарын түгендеп, ұмыт қалған ұлыларымызды тірілтті. Шетелдік сапарлары кезінде кітапханалар мен қолжазба қорларына арнайы барып, ұлы даламыздан шыққан

ғалымдардың еңбектерін қазақ тілінде сөйлетті. Қазақ Ислам дінін қабылдап қана қоймаған,



Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Береке бастауы – бірлікте» тақырыбында республикалық ғылыми-танымдық конференция өтті.

БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІКТЕ

Айтулы жиын қасиетті Құран аятымен ашылып, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бабалар рухына аят сауабын бағыштады. Осыдан кейін қоғамда бірлікті нығайтудың маңызы мен осы бағыт бойынша мүфтияттың атқарған жұмыстары жайлы өзінше бейнеролик ұсынылды.

Конференция жұмысына ҚМДБ Төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев, жазушы Смағұл Елубай т.б. зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, дін қызметкерлері, шәкірттер мен студенттер қатысты. Конференцияда зиялы қауым өкілдері «Ислам – ынтымақ кепілі», «Бірлік – береке бастауы», «Құтты біліктегі тұтастық идеологиясы» тақырыптарында баяндама жасады.

Республикалық ғылыми-танымдық конференцияда Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы арнайы баяндама жасады. «Құранда: «(Алла пайғамбарларын жіберу арқылы) жер бетін түзеп, жөнге келтіргеннен кейін, онда бүлік шығарып, бұзықтық жасамандар. Олар қорқып әрі мейірімнен үміт ете отырып дұға етіндер. Шүбәсіз,



Алланың рақымы ізгі жандарға өте жақын» («Аграф» сүресі, 56-аят) дейді. Расында халықтар арасындағы татулық адамдар арасындағы татулықтан, бауырластықтан басталады. Бауырластық жалпы адамзаттық туысқандыққа жол ашады. Ағаштың діні мықты болмаса, бұтағы да әлсіз болмай ма? Олай болса алдымен көзі ашық азаматтар өзара тату болуы керек. Сонда ғана адамзат татулықтың туын биік ұстайды. Себебі парасатты адамдар

аурудың емін өзгелерден артық біледі» деді Наурызбай қажы Тағанұлы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев қай істе, қай салада болсын әуелі бірлік керек екенін алға тартты. «Елдіктің жолындағы бірлік – ол біздің басты ұстанымыз болуы тиіс. Бұл бағытта дін қызметкерлері ерекше еңбек етіп келеді. Бірлік пен ынтымақ – біздің баға жетпес байлығымыз. Қазіргі күрделі жағдайда бір үстел басында отырып, кез-келген қай-


байлығын сұраған халықпыз. Халықтың иман байлығын арттыруда мүфтият қызметкерлері көп еңбек етіп келеді. Бүгінгі басқосу – соның айқын дәлелі» деді. Айта кетсек, игі басқосу Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының 2022 жылды діни қызмет аясында «Ислам – ынтымақ пен бірлік діні» жылы деп жариялаған бастамасына орай ұйымдастырылды.

Жиыннан кейін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлы әл-Фараби атындағы Қазақ

шылықты бірге жену маңызды» деді Жансейіт Түймебаев. Ал белгілі жазушы Смағұл Елубай: «Қазір біз бүрын-сонды көз көрмеген көптеген әдепсіз әрекеттер мен қылмыстық істердің куәсі боп жүрміз. Адам арыс іске не үшін барады? Бұл – иманның әлсіреуі. Адам рухани байлығынан айырылса өмірдегі барлық нәрсені, барлық нығметті жоғалтады. Сондықтан біз рухани тұрғыдан күшті болуымыз керек. Біз Құдайдан иман

Ұлттық университетінің жұмысымен танысты. Оқу ордасының ректоры Жансейіт Түймебаев университеттің ауқымды ғылыми жобаларымен таныстырды. Сондай-ақ Бас мүфти әл-Фараби кітапханасындағы 16 мың кітап қоры бар сирек кітаптар мен қолжазбалар қорын жетекші тарихымыздан сыр шертетін залды аралады. Осыдан кейін тараптар ғылым мен білім бағытындағы ортақ жобаларды жүзеге асыруға келісті.

ҚҰТҚАРУШЫҒА ҚҰРМЕТ



(Басы 1-бетте)

Әрине, оқыс жәйттерді бірінен бірін бөліп-жарып, қауіптілік категориясына бөлгіміз келмейді. Ажал қауіп төнген жағдайдың бәрі де бірдей. Бірақ Астанадағы көпқабатты үйдің 8 қабатындағы терезеден салбырап тұрған бұлдіршіні оқиғасы қоғамға қатты әсер етті. Тіпті бүкіл елді дүр сілкіндірді десе де болғанды. Сәбидін су ішерлігі бар екен. Қызылордадан Астанаға жұмыс істеуге келіп, сол үйде пәтер жалдап тұрып жатқан Сәбит Шонтақбаев өз өмірін қатерге тігіп, терезенің жақтауына аяғын тіреп тұрып балапанды ажал тырнағынан жұлып алды. Оның кішкентай қызды құтқарған видеосы лезде желіге тарап, ерлігі халықтың жүрегін елжіретіп, еріксіз көзге жас та келтірді.

Сөзді бұрын шекара қызметінде әскери борышын өтеген. Салауатты өмір салтын ұстанады. Зиянды әдеттерден аулақ. Үш ұл, бір қызы бар. Жан жары мен балаларын ауылында қалдырып, өзі нәпақа таппаққа Астанаға келген беті екен. Әдегенде қарапайымдылығымен көзге ұрған Сәбитке ел ықыласы ауып, күн айнамай жатып кәсіпкерлер ақша жинап, Сәбитке үш бөлмелі пәтердің кілтін табыстап, банкеті несесін де жауып берді. Ертесіне Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов батырға локомотив зауытынан жұмыс орнын ыңғайлайтын жеткізді. Сөйтіп ақ жүректі жігіттің ісі онғарылып сала берді. Жақында Сәбит отандық телеарналардың бірінен сұхбат берді. Сонда айтты: «Пәтерімде жөндеу жұмысы жүріп жатыр. Елдің түкпір-түкпірінен азаматтар хабарласып, үй қашан бітелді деп тілеулес болып, жанашырлық танытып жатқан ағайынның қарасы көп», — деп. Қоғам арасында қаншама көп дау-дамай бар. Бірақ қазықтың асыл қасиеті — қиындықта жұмыла біріге

алады. Бір-біріне шынайы тілеулес бола алады. Елдің онтустігін су басқанда, Арыста әскери қойма жарылып, Екібастұз жылуысыз қалғанда, халық аянабай жылу жинады.

Ел көңілін аударып, жүрегін ауыртқан Тағы бір оқиға — Астанадағы өрт. «Жүрегің ауыртқан» деп басымдық берер себебіміз — 16 қараша күні «Қаһарман» тұрғын үй кешенінің 11-қабатында өрт шығып, өрт сөндірушілер 5 адамның өмірін сақтап қалды. Өрт сөндірушілер арасында басын қатерге тігіп, балконда отырған сәбиді де, ересектерді де қауіпсіз жерге алып шыққан Асқар Зәбикулин аса ауыр жаракатпен ауруханаға түсті. Денесінің 80 пайызын күйік шалған. Дәрігерлер оның өмірі үшін күрескеннен абзал азаматты аман сақтап қала алмады. Артынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өрт сөндірушілерді марапаттау туралы Жарлыққа қол қойып, Зәбикулиннің отбасына үш бөлмелі пәтер берді. Мемлекет басшысы оның атына көше беруді де тапсырған. Қалалық әкім-



Абай ҚАЗБЕКҰЛЫ

қуаттай түспек. Ұрпақты қалай дұрыс тәлімді етіп өсіре аламыз? Оны әлбетте Алла елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өнегесінен іздегеніміз жөн.

«Бааларыңды үш тұлға қасиетке баулыңдар: Пайғамбарларыңды сүйеге, оның әулетін сүйеге және Құран оқуға. Шыңдығында Құранды көтергендер (жазғандар) ешқандай қолғақ болмайтын күні (Қиямет күні) Алланың Аршысының қолғақынсыз баулыңдар» (Табарани). Яғни адамдықтың бастауы — шариғат негіздерін жастайынан жүрегіне, руханиятына сіңіру. Осы нәрсені терен түсінген бабабарымыз «Құдайдан қорықпағандан қорық» деп кесіп айтқан. Әбу Нурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен риуаятта Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Шежіре-леріңнен туыстық қатынастарыңды жалғастырыңдар»** (Табарани). Яғни адамдықтың бастауы — шариғат негіздерін жастайынан жүрегіне, руханиятына сіңіру. Осы нәрсені терен түсінген бабабарымыз «Құдайдан қорықпағандан қорық» деп кесіп айтқан. Әбу Нурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен риуаятта Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Шежіре-леріңнен туыстық қатынастарыңды жалғастырыңдар»** (Табарани). Яғни адамдықтың бастауы — шариғат негіздерін жастайынан жүрегіне, руханиятына сіңіру. Осы нәрсені терен түсінген бабабарымыз «Құдайдан қорықпағандан қорық» деп кесіп айтқан. Әбу Нурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен риуаятта Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Шежіре-леріңнен туыстық қатынастарыңды жалғастырыңдар»** (Табарани). Яғни адамдықтың бастауы — шариғат негіздерін жастайынан жүрегіне, руханиятына сіңіру. Осы нәрсені терен түсінген бабабарымыз «Құдайдан қорықпағандан қорық» деп кесіп айтқан. Әбу Нурайрадан (оған Алла разы болсын) жеткен риуаятта Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Шежіре-леріңнен туыстық қатынастарыңды жалғастырыңдар»** (Табарани).

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Қайсы-біріннің балаларыға әдеп үйреткендерің оларға күн сайын жарты сағ (бір уыс бидай не құрма) садақа бергеннен артық», — деп әдеп-нәпаның садақадан да абзал екенін көрсеткен. Сондай-ақ Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Балаларыңа жүзуді, садақ атуды, атқа мінуді, ал әйел баласына тоқуды үйретіңдер»**, — деген. Демек әр баланы қабілеті, жас ерекшелігі мен ынғасына қарай түрлі еңбекке баулу қажет. Мұны әр ата-ана бала тәрбиесіндегі басты ұстанымның бірі етуі тиіс.

Қорыта айтқанда, осы секілді негізгі тәрбие көздерін тізбектей отырып, игі ұрпақ тәрбиелеу жолын Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мектебімен ұштастыра алсақ, қателікке ұрынудан адал боларымыз анық. Отбасы мәселесіндегі ең үлгі тұтар тұлғамыз — Алла елшісі бір хадисінде: «Сендердің ең жақсыларың — отбасымен жақсы қарым-қатынаста болғандарың. Отбасымен жақсы қарым-қатынаста болғандарың ең абзалы — менмін» деген. Демек отбасы төңірегіндегі барлық мәселенің шешімі мен үлгісін сүннеттен таба аламыз.

Нұрлыбек МОЛДАБАЙҰЛЫ,
«Қабақ баба» мешітінің бас имамы

Ақтобе облысы



«Өмір — өзген. Оған түскен мақсатымыз ағыспен ағу емес, жағаны табу еді ғой» дейді Абай Қалшабек. Адам біткеннің бөрінің өз жолы, өз ағысы, өз таңдауы бар. Біреулер, өмір бақи ағыспен аққысы келсе, біреулер жағаны тапқысы келеді. Өмірдің қаттылығына шыдамай, жұтылып кететіндер де көп. Ағыспен «өлі балық та» жүзеді. Ағысқа қарсы «рухы тірілер» жүзетінін ескеруіміз қажет...

Мұсылман үшін өмірдің негізгі мәннесі мәзгілі тілмен айтқанда «негізгі миссиясы» — Аллаға ұмтылу, Алланың разылығын алу. Бұл — мұсылман бақытының өлшемі. Ал миссияға адамның мақсаттар қою арқылы жететінін білеміз. Түпкі ниет Алла разылығы болғандықтан мақсаттарың болмайды — мақсаттың өзінікі болмайды. Мақсатың біреуден көріп қоя салды. Мысалы, «танымсыз» «Болашақпен» оқуға кетті, менде барып білім аламын. Сөйтіп елге қызмет етемін», «Құрбым психология курсың ашып, адамдарға пайдалы боп жатыр әрі ақша табады. Мен де психология оқып, құр ашайын» деген секілді біреудің дайын мақсатының шаблонын өзімізге иемденіп жатамыз. Алайда ол шаблон біздің болмыс, қалау, қабілетімізге сай болмауы мүмкін.

Алла Тағала өркімге өрқалай қабілет, дарын береді. Берілген сол қабілетіңе сай қоғамға қызмет ету міндеттелген. Оны Құран айтқанына байқауға болады. Алла Тағала «Тәкәсур» сүресінің 8-аятында: **«Ол күшің сөзің сендерге берілген барлық нұғмет, жақсылықтардан сұраласыңдар»**, — деген. Демек бойымызда қолданбалмай мүлгіп жатқан қабілет, дұрыс пайдаланылмаған барша мүмкіншіліктен сұраламыз. Сондықтан қоғамға жақсылық жасағысы келген адам өзгерге еліктемей, өз болмысына сай игі іс жасағаны дұрыс.

«Мақсатым» деп жүрген дүниенің өзіңдікі емес екенін қалай білуге болады? Адам өзі қаламайтын істерге келгенде жалқаулық іске қосылды. Ал өзі қаламайтын істі жасау — «немденілген» мақсаттың көрінісі. «Мен осылай істеуім керек» деп танылған нәрсе көбіне нәтиже бермей жатады. Алайда «керекті» «қалауға» айналдырудың ұтымды жолы бар. Біз не нәрсені жақсырақ білсек, сол нәрсені жақсы көрміз. Бұл жайында Жүсіп Баласағұн: «Қай нәрсеге көп сіңірсең зейнетті, Сол сүйікті, бәрін сол — бейнетті» дейді. Демек бірнәрсені үйренуге, білуге көп ден қойсақ, сол нәрсе біздің қалауымызға айналады. Себебі белгісіздіктен, білімнің болмауынан қорқақтық пен жалқаулық туындайды. Өз кезегінде бұл біздің миссиямыздың

орындалуына келдергі жасайды. Сондай-ақ еш нәтиже шықпай жатқандықтан, көңіліміз толмай, өзімізді жей береміз.

Мақсаттың орындалуына келдергі келтіретін тағы бір нәрсе — адамның нәтижеге бірден жеткісі келуі. Алайда бұл мүмкін емес. Жапон ғалымдары аз-аздан үздіксіз дамудың Кайдзен әдісін ұсынады. Бұл жерде батыстағыдай инновация жолымен, яғни үлкен қадамдармен үлкен төңкеріс жасау арқылы өзгеріс енгізу емес, керісінше кішкентай қадамдармен ерік-жігерін барынша аз қолданып, жетістікке жету көрсетіледі. Кайдзеннің бір ерекшелігі — оны меңгеріп, танысып, түрлі әдістерін қолдану арқылы көптеген сұраққа жауап аласыз. Жалпы бұл жүйе толық нәтиже беретін үлкен философия деуге болады. Оған Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аллаға ең ұнамды амал — үнемі және үздіксіз жасаған амал»**, — (Тирмизи) деген сөзі де дәлел бола алады. Тұрақты әрі аз-аздан атқарылатын амалдың үлкен нәтижеге жеткізетінін мына бір оқиға да айғақтай түседі.

«Бірде ағаш кесетін екі дос күш сынауға шешім қабылдайды. Олар таңнан кешке дейін кім көбірек ағаш шапса, сол жеңімпаз болады деп келіседі. Күн көтерілген бойда, екеуі әртүрлі бағытқа бет алып, ағаш шабуға кіріседі. Олар көп және бір ыраққа жұмыс істейді. Алайда көп ұзамай бір ағаш кесуші екіншісінің жұмысы тоқтатқанын естиді. Ол мұның оған үлкен артықшылық екенін түсініп, екі есе жұмыс істеп қалауға тырысады. Он минуттан кейін екінші ағаш кесушінің қайтадан ағаш жарып жатқаны естіледі.

Олар тағы да бірдей қарқынмен О жұмыс істей бастайды. Біраз уақыт өткеннен кейін біріншісі досының екінші рет жұмысын тоқтатқанын естиді. Ол қуанышқа бөленіп, өзін жеңімпаз сезініп, бар күшін салауға шешім қабылдайды. «Ол демалған кезде, мен жұмыс істесем, жеңіске жетемін» деп қуанады. Осылай белгіленген уақыт өтеді. Әр сағат сайын екінші ағаш кесуші тоқтап қалады, ал біріншісі екі есе күшпен жұмыс істейді. Уақыт біткен кезде, бірінші ағаш кесуші өзінің жетістігіне толықтай сенімді болады. Ол қатты шаршаса да, көңілді еді. Дегенмен өзінің жеңілгенін көрген кезде, қатты таңғалады.

— Бұл қалай болды? — деп сұрады ол қарсыласынан. — Мен үзіліссіз жұмыс істедім. Сондай-ақ сенің сағат сайын кем дегенде он минут тоқтағаныңды естіп отырдым! Алайда сен менен әлдеқайда көп ағаш кескен екенсің! Бұл таңғаларлық жағдай екен. Мұны қалай жасадың?

— Бұл таңғаларлық іс емес, досым. Рас, мен сағат сайын тоқтадым, ал сен одан әрі ағаш шабуды жалғастырды. Бірақ саған қарағанда, мен өз балтамың қайрап отырдым, — деп жауап берген екен екінші адам.

Осы оқиға арқылы біз күнделікті тіршілігімізде болсын, құлшылығымызда болсын, атқарылатын үздіксіз іс-әрекеттерді жемісін анық көре алатынымызды үйренеміз. Аллаға мойынсұну мен Жаратушыға жүйелі түрде құлшылық ету арқылы біз көп нәрсеге қол жеткіземіз. Өйткені қиындықтың негізгі өзгермейді. Себебі Алла Тағала оларды қияметке дейін әр адамның игілігі үшін міндеттеді. Мысалы, күніне бес уақыт намаз оқу, жылына бір рет ораза ұстау, сондай-ақ қосымша қиындықтарды оқу, аптаның белгілі-бір күнінде ораза ұстау, садақа беру т.б. бізді нақтылыққа және жүйелілікке үйретеді. Десе де тұрақты амалдарымыздың өзінде шектен шықпауымыз қажет екенін есте ұстау керек. Амалдағы ниеттің шынайылығын, Алла бұйрығына қарсы келмеуін бақылап әрекет етуіміз қажет.

Жоғарыда айтқанымыздай, мүлгіп жатқан қабілеттің өзінен сұралатындықтан, өзіндік ашып, даму — өте маңызды. Жазушы Мұхтар Мағауин «Көк мұнар» шығармасында: **«Бойыңа талант дарыған жанға ерекше миссия жүктелген; оның өмірі өзінің емесі, елінің, сондықтан күйік тірлікпен күн өткізбей, бойыңдағы бар күшін ретімен, қажетті істерге ғана жұмсап, ақылы мен білімін, дарынын бір-ақ мақсатқа — халқына қызмет ету жолына ғана бағыштауға тиіс. Өзінің бойында қабілет барын біле тұра бос шашпаңдар — қылмыскер!»** деген еді. Бізге берілген әр нұғметті танып, ақысын беру, өмірлік мұрат жолында қолдану — қай-қайсымыздың да борышымыз.

Жанар ҒАРИФЛЛАҚЫЗЫ

АЛЛА КІМДІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ?



Жақсы көру – сіз бен бізге тән сипаттың бірі. Мен шын мәнінде Алланы жақсы көрем бе немесе Алла мені жақсы көре ме? Осы сұрақ кез-келген адамды ойландыруы тиіс-ақ...

Ғалымдарымыз Алланы жақсы көру ен жоғарғы деңгей екенін айтқан. Иә, терең ойлану қарайтын болсақ, мұсылман баласы үшін Алланы жақсы көруден асқан мәртебе жоқ екен. Құлшылықты немесе кез-келген ізгі амалды ұқыпты, тиянақты әрі ықыласпен орындау Алланы жақсы көруден басталады.

Аллаға деген махаббаттың шегі болмайды. Оны сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Өйткені Оны жақсы көру қияметке дейін жалғасады... Қасиетті Құранда Алланы бөрінен жақсы көру жайлы былай делінген: «**Соған қарамастан адамдар арасында Алладан өзгелерді Аллаға тең тұтып, тіпті оларды құдайдай жақсы көретіндер** (яғни Алланы ұлықтағандай ұлықтайтын) бар. Ал мүминдерге келсек, олардың Аллаға деген сүйіспеншілігі (мүшріктердің жалған құдайларына деген сүйіспеншілігінен) әлдеқайда күшті. (Аллаға серік қосып) ең үлкен қиянатқа барғандар азатты көргендеріне ғана түсінегідей бар күш-қуаттың бір Аллаға ғана тән, һәм Алла азабының өте ауыр екенін осы күнде түсіне ғой» («Бақара» сүресі, 165-аят).

Алланы шынайы таныған және Оны шынайы жақсы көрген адам ғана иманның ләззатын сезеді. Бұған байланысты Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Мына үш нәрсе кімде болса,*

онда ол иманның ләззатын татады. Олар – Алла мен Оның елшісі басқаның бәрін сүйіктірек болуы; бір адамды тек Алла разылығы үшін жақсы көруі; Алланың оны күтірілкістен құтқарғанынан кейін күтірілкіске қайта оралуды тозаққа тасталғанды жек көргендей жек көруі» деген.

Егер біз Алланы шынайы жақсы көрсек, Оның әмірлерін бұлжытпай орындасак, барлық істе Жаратушы Иеміздің үкімін жоғары қойсақ, Алла да бізді жақсы көреді. Мұндай сипаттағы адамды періштелер де жақсы көреді және айналасындағы кісілердің ілтипатына бөленеді. Өбу Хурайрадан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Алла Тағала бір құлын жақсы көрсе, Жебірейіл періштені шақырып: «Мен пәленше деген құлымды жақсы көремін, сен де оны жақсы көр» деп бұйырады. Жебірейіл періште бұл бұйрыққа бірден бойсұнып, Алланың жақсы көрген әлгі құлын ол да жақсы көреді. Содан ол көктегілерге: «Алла Тағала пәленше деген құлын жақсы көреді, сендер де оны жақсы көріңдер» деп жар салады. Мұны естіген көктегі періштелер де әлгі адамды жақсы көре бастайды. Сөйтіп ол жер бетінде де (адамдардың) ілтипатына бөленеді».

Осы ретте «Алла Тағала қандай адамдарды жақсы көреді?» деген сұрақ туала. Біз бұл сұрақтың жауабын Құраннан табамыз. Алла Тағала қасиетті Құранда былай баяндаған: «**Қаншама пайғамбар өтті, олармен бірге өздерін Хак жолына атаған көптеген құдайшыл тақуа жандар** (Алла жолында ақиқат үшін) соғысты. Олар Алла жолында басына келген ауыртпалықтарға еш мойымалды, жасымалды және жау алдында тізе бүкпеді. Алла (сондай) сабырлы жандарды жақсы көреді» («Әли-Иман» сүресі, 146-аят); «... Шүбәсіз, Алла (пенделікпен істелген күнөнің артында) қатты өкініп тәубе етегін тәубешіл құлдарын және үнемі (күнә атты рухани кірлерден) тазаланушыларды жақсы көреді» («Бақара» сүресі, 222-аят); «**Нағыз тақуалар – кеңшілікте де, таршылықта да Алла жолында садақа бергендер**, (ашу қысқанда өзін ашуландырыған адамның сазайын беруге шамасы жете тұрып) **ашуын және білгендер һәм адамдарға кешірімді болғандар**. Шүбәсіз, Алла (міне осындай) ізгі жандарды жақсы көреді» («Әли-Иман» сүресі, 134-аят). Құранда мұндай аяттарды көбірек мысал ете беруге болады.

Шын мәнінде, Алланың мейіріміне бөлену, жақсы көруіне ие болу оңай жолмен келе салатын нығмет емес. Ол үшін, жоғарыда айттықтай, Алла үшін қиындыққа моймай сабыр етуіміз керек. Жиі тәубе етіп, күнәдан сақтанып, таза жүруге тырысуымыз тиіс. Өзіміз мұқтаж бола тұра қиналған адамдарға қол ұшын берудіміз керек. Ашуымызды келтірген адамдарды жазалауға шамамыз жетсе де Алла үшін кек сақтамай, оны кешіре білгеніміз абзал. Міне, Алла осындай сипаттағы адамдарды жақсы көреді.

Иә, Алланың разылығына бөлену оңай емес. Алла Тағаланы және Оның Пайғамбарын (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы көру иман шарттарының бірі екені көптеген хадистерде баяндалған. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде: «**Ешбір істі мені отбасынан да, мал-мүлкінен де, бүкіл адамның барлығынан да артық жақсы көрмейінше толық иманды бола алмайсыңдар»** деп ескерткен. Сондықтан біз әрқашан Алланы жақсы көруді көп сұрауымыз керек. Алланың махаббатына жақындатып істерді жақсы көруді тілеу керек. Өбу Дардран (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «**Дәуіт (оған Алланың сәлемі болсын) пайғамбар Аллаға былай деп дұға жасайтын: «Уә, Алла! Маған Сені жақсы көруді, Сені жақсы көрген пенделердің махаббатын және махаббатыңа жақындататын амалды жақсы көруді нәсіп ет! Махаббатыңды маған өзімнен де, отбасымадан да, тіпті салқын судан да жақсы көрсет!»**

Алла Тағала сіз бен бізді Өзінің махаббатына ие болуды нәсіп еткені. Әмин!

Естай АЙТУҒАНҰЛЫ,
Қарағанды облысының бас имамы

«САТПАНДАРШЫ! ОНДА ӘКЕМНІҢ ИІСІ БАР...»

Ел ішінде түрлі ғибратты оқиғалар боп жатады ғой. Бірде таныс имамнан осы оқиғаны естігенде әкеме деген сағыныш тұлабойымды шымырлатып жіберді. Осы әңгімеден ой түйгенім: өкенің әр сөзі, оған қатысы бар барлық нәрсе – бала үшін баға жетпес байлық, қазына, ешқандай дүниемен айырбастауға тұрмайтын қымбат құндылық...

Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ

Естіген оқиғаны имам сөзімен баяндайын: «Мінезі жақсы, құлшылыққа ықыласты жақыннан араласатын таныс бауырым бар еді. Ол үйінің кенжесі болатын. Анасы кіші ұлын қатты жақсы көретін. Ол да анасының сөзін екі етпей, елжіреп тұратын. Бір күні сол бауырымның басына сынақ келіп, ауыр дертке шалдығып, төсек тартып қалды. Ауыр халде жатқан баласының жай-күйі анасының жүрегіне қатты батты. Өлімге кимай, күнде көз жасын көл етеді екен...»

Бір күні ұлы: «Анашым, маған батанызды беріңіз. Тағдырға риза болыңыз. Алланың әмірін ризалықпен қабыл алыңыз. Сіздермен қоштасатын уақыт жақындаған сияқты. «Алла, баламның жанын жеңіл алғайсың!» деп дұға етіңізші. Мен сізге ризамын» депті. Бұл ұлының соңғы тілегі екенін сезген анасының етегі жасқа толып: «Балам, саған ризамын. Отбасыңды уайымдама. Өлгенше өзім қамқор болам» деп баласының өтініші бойынша дұға жасапты. Осыдан кейін ол көп ұзамай жан тапсырды. Бәріміз онымен кимай қоштастық...

Арада біраз уақыт өткен соң марқұм жігіттің бауырлары оның әйеліне үйдегі ескі көлікті сатып, жаңасын өпермек болады. Үйдің үлкендері дастарқан басында кеңесіп: «Ескі көлік жиі сынып, мазанды алып әуре етеді. Оны сатып, жаңасын алайық. Көлік жүргізуді үйреніп алған соң балаларды сабаққа оқиңдара бересің. Тірі адам тіршілігін жасауы керек» деген сәтте ойнап отырса да әңгіменің бәрін бір құлағымен естіген жеті жастағы қыз олардың сөзін бөледі. Оның:

«Көлікті сатпандаршы. Онда әкемнің иісі бар» деген өтініші үй-ішін бір сәтке мүлгіген тыныштыққа бөлейді. Бұлдіршінің өтінішін естіген анасының, әжесінің, марқұмның бауырларының жанары жасқа толыпты».

Иманның айтуынша, үйдің үлкендері қыздың өтінішін жерге тастамай, ескі көлікті орнынан қозғалды. Әлі күнге дейін есік алдында тұр. Марқұм жігіт жұмыстан қолы қалт ете қалса уақытын отбасына арнайды екен. Бала-шағасын көлікпен қыдыртып, көңілін аулапты. Қызы машинде көп ойнаса керек. «Көлікте әкемнің иісі бар. Оны сатпандаршы» деген өтінішінде үлкен мән жатыр. Осы сәтте:

*Жүректі тербеп күй сынды,
Биікке ұшсам сүйсіндім.
Мойныңа көптен асымай,
Сағындым, әке, иісінді,* – деген өлең жолдары еске түсе берді...

Бізді де әкеміз жиі қыдыртушы еді. Ол дүние салғанда мен 11 жаста едім. Әкем қыдыртқан көлік бірнеше жыл есік ауласында тұрды. Жүргізімін десем, жасым да, әлім де жетпейді. Шамалы өскен кезде бірінші рет рульге отырдым. Бірақ дұрыс жүргізе алмай,

көлікті үлкен сайға түсіріп алдым. Аман қалғаныма әлі күнге дейін шүкір деймін. Әкемнің көзі боп қалған көлікті ұзақ жыл бойы ешкімге сатпадық. Жүрмеген техника тез істен шықпай ма? Сатұға тұра келді. Әкемнің иісі қалған мәшинені көршіміз сатып алды. Одан кейін оны ауыл шетіндегі бір адам алды. Біздің жасыл түсті, яғни Москвич-412 ауыл көшесінен әрі-бері өткен сайын үй жаққа бұрылып, әкем жұмыстан кеп қалардай сезімде боламын. Келмес сапарға кеткенім қиын білейін... Ол заманда ондай мәшиненің бірінде бола бермейтін. Бірақ мен үшін көлік емес, оның ішіндегі әкемнің иісі қымбат еді...

Иіс дегеннен шығады, марқұм ұстаз Бауыржан Әлиұлы қайтыс болғанда жаназасынан кейін құдайы асына қатыстық. Сол кезде Ерсіні қари «Біз енді Баукеннің иісін сағынатын болдық» деген еді. Оның мәні мынада екен: бір күні Ерсіні қари, Бауыржан ұстаз достарымен бірге демалыс күні сейіл құрып қайту үшін тау жақты бетке алады. Тауға таяу қалғанда ондағы саға ауаға танданған бірі: «Қандай таза ауа! Жапап қой!» – дей бергенде, сөзді іліп әкеткен Ерсіні қари: «Таза ауаны қайдам, менің мұрным Баукеннің денесінің иісін әлі сезіп келеді», – деп көлік ішіндегілерді қыран-топан күлкіге бөлген екен. Сол кезде құдайы аста Ерсіні Әміре: «Жоқ адамға қатысты нәрсенің бәрі құнды ғой. Тіпті біз енді Баукеннің иісін де сағынатын болдық қой. Қадірін тірі кезінде білмедік-ау», – деп жылаған еді. Бізде көз жасымызды тыя алмадық...

Белгілі дәстүрлі өнші Токтар Серіков әкесі қайтыс болғанда оған қатысты дүниенің бәрін туысқандарына таратып жіберіпті. Тек шапанын өзіне қалдырады. Асқар тауын қатты сағынғанда шапанын киіп, бүрсіні ұзақ жатып қалады екен. Оның сырын сұрағандарға: «Бұл шапанда әкемнің иісі қалған. Сол үшін ұзақ уақыт әкемнің иісін іскеп жатамын. Шапанды киіп, бүрсіні жатсам, әкем мені қушақпай алғандай әсерге бөленемін» деп жауап берген екен.

Жуырда көрістер түсірген әсерлі фильм көрдім. Кинода шынайы өмірде болған көзі көрмейтін, құлағы естімейтін жеті жастағы қыздың тағдыры баяндалады. Оның мұндай хәлге тап болуы ата-анасының арасындағы дау-жанжал себеп болғаны мензеледі. Фильмдегі бір сәтті орайы келгенде осы ретте ерекше атап өткіміз келіп тұр. Кішіқайт құыз жеті жасында анасынан айырылады. Жұмыстан келіп қалар деген үмітпен бірнеше жыл күтеді. Бірақ анасының кіміні қолынан тастамайды. Қайда барса да өзімен бірге алып жүреді. Тіпті жууға да бермейді. Анасын қатты сағынған кезде оның иісі сінген киімін құшырлана іскеп алады. Сөйтіп, сағынышын басады...

Бала үшін ана мен өкенің орны қандай десеңші?! Өлім біздің ырқымызды шешім емес. Ал ажырау туралы шешім қабылдау бала үшін қандай ауыр екенін айтудың өзі ауыр...

ЕЛ ІШІНЕН ЕКІ СҰРАҚ

АНТТЫ БҰЗҒАН АДАМ НЕ ІСТЕУІ КЕРЕК?

Ислам дінінде мұсылман адамның Алланың атымен («уәллаһи», «билләһи» деп) бір істі істеуге немесе істемеуге ант беру мәселесі аса маңызды. Мұндай адам антты орындамаған жағдайда анттың жауапкершілігі мойнында сақталып қалады.



Демек кімде-кім Алланың атымен немесе сипатымен бір іске ант етсе, оны орындау уәжіп болады. Антын бұзған жағдайда, оның жазасы ретінде шариғатта белгіленген каффаратты өтеу міндет болып саналады. Араб тілінде «каффарат» сөзі бір нәрсені нықтап, көзге көрінбейтін етіп бүркемелеу дегенді білдіреді. Шариғатта істеген күнөнің жуып-шаю үшін өтелетін қаржылық немесе дене ғибадатын каффарат деп атайды.

Антты бұзғанда өтелуді тиіс каффарат жайында Алла Тағала Құранда былай баяндайды: «**Алла Тағала сендерді андамай ішкен (яғни саналы түрде айтылмаған, құр ауыздан шыққан) анттары үшін жауапқа тартпайды. Алайда саналы түрде, өздеріңді (қандай да бір нәрсені орындауға) міндеттеп ішкен анттарың үшін антты бұзғандар, оның өтеуі – өз бала-шағаларыңа беретін ас-ауқаттың орташа мөлшерінде он міскінді тамақтандыру немесе он пақырды кишілдіру, я болмаса бір құлды азат ету. Бұған шамасы жетпеген кісі үш күн ораза ұстауы. Міне (саналы түрде) ішкен анттарыңның бұзылған жағдайдағы өтеуі осы. Ендеше (болмашы нәрсе үшін ант еткендер, ал ант еткен жағдайда), анттарыңды бұзғандар! Алла (Өзіне әбден борышты екендеріңді сезіне отырып, сөз нәсіп іс жүзінде) шүкірлік білдірерсіңдер деп, аяттарың сендерге осылайша ашық баяндайды» («Мәйда» сүресі, 89-аят).**

Бұған қатысты тағы бір қосымша мәселелерді айқындап алу қажет:

ӘУЛИЕ ДЕП КІМДІ АЙТАДЫ?

Ислам діні – Алла Тағаланың разылығына бастайтын рухани даму жолы. Бұл жол адамды Раббысына жақындатады, ол арқылы мұсылман «әулие» дәрежесіне жетеді.



Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылман адамның Аллаға тоқтаусыз құлшылық етуін, дүние тіршілігіне күйінбеуін және ақыреттегі жағдайға қайғырмауын тақуалықтың ең жоғарғы дәрежесімен байланыстырады. Бұл туралы Алла Тағала Құранда: «**Біліп қойыңдар, расында, Алланың әулие құлдары үшін (әсіресе, ашыретте) ешқандай қорқыныш жоқ һәм олар әсте мұнаймайды. Олар – шынайы түрде иман келтіргендер немесе Аллаға қарсы келіп, күнәһар атанудан сақтанып, өз міндетін толық орындайтын-дар»**, – деп баяндайды («Жүніс» сүресі, 62-63 аяттар).

«Әулие» сөзі – арабтың «уәли» деген сөзінің көпше түрі. Қазақша «дос», «жақын» дегенді білдіреді. Уәли (әулие) – Алла Тағаланың разылығына бөленген, яғни істеген барлық істері Алланың үкіміне және Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне толық сәйкес келетін адамдар.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мұсылман адамның Аллаға тоқтаусыз құлшылық етуін, дүние тіршілігіне күйінбеуін және ақыреттегі жағдайға қайғырмауын тақуалықтың ең жоғарғы дәрежесімен байланыстырады. Бұл туралы Алла Тағала Құранда: «**Біліп қойыңдар, расында, Алланың әулие құлдары үшін (әсіресе, ашыретте) ешқандай қорқыныш жоқ һәм олар әсте мұнаймайды. Олар – шынайы түрде иман келтіргендер немесе Аллаға қарсы келіп, күнәһар атанудан сақтанып, өз міндетін толық орындайтын-дар»**, – деп баяндайды («Жүніс» сүресі, 62-63 аяттар).

Атақты ғұлама Сағдуллин Тафтазани (Алла оны рақым етсін):

БАӘ ҚОРЫ МАТРАДА МЕКТЕП САЛАДЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің «Big Heart» қайырымдылық қоры Мысырдың Матра уәлаятында мектеп салғалы жатыр. Себебі бұл аймақ Мысырдағы сауатсыздық бойынша көш бастап тұрған өңір саналады.



Матра аймағындағы халықтың шамамен 33 пайызы оқу мен жазуды білмейді. Осы аймақта тұратын әйелдердің 65 пайызының сауаты жок. Бұл аймақ мектепті тастап кеткендердің саны бойынша республикада бірінші орында тұр.

«Big Heart» қоры «ән-Нұр» мектебін салу үшін 607 мың доллар бөлген. Мектеп 600 орынға есептелген. Мұнда 11 оқу ка-

бинеті, кітапхана, зертхана, спорт залы және технология кабинеті болады.

«Біздің қор адамдардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін және жақсартатын ұзақмерзімді, ірі жобаларды жүзеге асырады. Табысты болашақ құру үшін жас ұрпақ жақсы білім алуы керек» дейді қор директоры Мариям әл-Хаммад. Матрада салынып жатқан мектеп келер оқу жылы дайын болады деп күтіліп отыр.



IQ ТЕСТІ ЭЙНШТЕЙННЕН АСТЫ

Ұлыбританияның Лидс қаласында тұратын 11 жасар Юсуф Шах IQ тестін тапсырып, өз жасы бойынша ең жоғары балл алды. Тіпті оның нәтижесі Стивен Хокинг пен Альберт Эйнштейннің IQ деңгейінен асып түсіпті.

Осылайша Юсуф Шах әлемдегі ең ақылды балаға айналды. Оны достары өте ақылды бала санаған. Достарының қаншалықты рас айтқанын тексеру үшін IQ тестін тапсырған екен. «Маған тест тапсыру қызық болды. Сынақтан орташа баға алатын шығармын деп ойлады. Нәтижесін естігенде өзім де таңғалдым. Қазір мен өзімді ерекше сезінемін. Оның үстіне мұны дәлелдейтін сертификатым бар» деді Юсуф Шах Metro-ға берген сұхбатында. Оның арманы — атакты математик болу. Болашақта Кембриджде немесе Оксфордта оқығысы келеді. Айта кетейік, Юсуф Шах IQ тесті бойынша тамаша нәтиже көрсеткен алғашқы мұсылман баласы емес. 2019 жылы Ираннан шыққан, британдық оқушы Тара Шарифи де осындай нәтижеге қол жеткізген болатын.

ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЖАУЛЫҚ КЕДЕРГІ ЕМЕС

Түркияда мемлекеттік қызметте істейтін әйелдер саны артып келеді. Hurriet агенттігінің хабарлауынша, Түркияда аудан басшысы қызметін атқаратын әйелдер саны артқан.



90-жылдардың басында санаулы ғана әйел аудан басшысы болса, бүгінде олардың саны 68-ге жетіп отыр. Аудан басшылары негізінен губернаторлық гранттарды алу және қолдану, ауылшаруашылық жобаларын жүзеге асыру, әлеуметтік қызметтердің жұмысын қамтамасыз ету, сондай-ақ полиция, білім және денсаулық сақтау органдарының жұмысын жүйелейді. Сондай-ақ олардың көпшілігі орамал тартып-ақ табысты қызмет етіп келеді.

Әйел басшылардың ер басшыларға қарағанда өзіндік ерекшелігі бар. Әйелдер мәселелерді әлеуметтік желілер арқылы шешкенді және жұмыста бейресми стильде сөйлескенді қолдайды. Олардың хоббилері де қызық. Денизли уәлаятындағы аудандарының бірінші басшысы Дилара Сеноглу Анкара университетінің саясаттану факультетін бітірген. Кейін аудан деңгейінде бірнеше мемлекеттік қызмет атқарған. Оған қоса ұшқыш лицензиясы бар. Түркияның Қара теңіз аймағындағы ауданның басшысы Түгче Орханның ұзын әрі ақшыл шашы бар. Оны көпшілігі «Дисней» кейіпкері Рапунцельге ұқсайды. Сонымен қатар Түркия Парламентінде 18 әйел депутат бар. Оның төртеуі губернатор ретінде тіркелген. Айта кетейік, Түркиядағы әйелден шыққан алғашқы аудан әкімі — Өзлем Боскурт. Ол 1992 жылы аудан басқарған. Бүгінде Ыстамбұл қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарады.



Катарда өтіп жатқан футболдан әлем чемпионаты тарихтағы ең тартысты жарысқа айналды. Себебі бұл – араб және мұсылман елінде өтіп жатқан алғашқы әлем чемпионаты. Катар шағын ғана ел болғанына қарамастан, бүкіл әлем алдында мәдениеті мен құндылықтарын қорғай білді.

КАТАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚОРҒАДЫ

Алдымен Катар матчтар кезінде алкоголь ішуге тыйым салды. Бұған жанкүйерлер наразылық тудырды. Алайда ФИФА президенті Джанни Инфантино: «Бірнеше уақыт сыра ішпесе, адам өлмейді. Еуропада да ішімдік сатылмайтын стадиондар бар», — деп жауап берді.

Сондай-ақ ЛГБТ өкілдерін қолдау мақсатында кейбір еуропалық командалардың капитандары киетін кемпіркосак түсті киімдерге де Катар тыйым салды. ФИФА бұл тыйымды да қолдады. Кемпіркосак түсті жүректің суреті бар таңғыштардың ФИФА-ға ешқандай қатысы жок екенін мәлімдеді. Кейбір ұлттық құрамалар қарсы болғанымен, көпшілігі бұл тыйымды түсіністікпен қабылдады. Кейбір құрамалардың капитандары алаңға қолдарына кемпіркосак түстес таңба алып шығып, айыппұл төлеуге дайын болды.

Алайда ФИФА мен Катар-2022 ұйымдастыру комитеті басқа жаза тағайындады. Қолына кемпіркосак белгісін таққан ойыншыларға сары қағаз айыппұл салынатынын хабарлады. Белгілі болғандай, ешқандай команда тыйымға қарсы келмеді. «Ұлттық федерациялар ретінде біз ойыншыларымыздың спорттық санкцияларға, соның ішінде ескертулерге ұшырауын қаламайсыз. Сондықтан капитандардан әлем чемпионаты матчтарында бұл белгіні көрсетпеуді сұрадық» делінген еуропалық командалардың бірлескен мәлімдемесінде.

Оның айтуынша, Араб аймағының тұрғындары қантты газдалған сусындар, шырндар мен фастфуд өнімдерін шектен тыс тұтынады. «Екінші типті қант диабетінің жаппай таралуының да негізгі себебі осы болып отыр. Сондай-ақ тұрғындардың аз қимылдауы да жағдайды ушықтырып барады» дейді ол.

АРАБ ЕЛДЕРІНІҢ БАСТЫ ДЕРТІ

Қант диабеті Араб әлемінің басты дертіне айналып келеді. Ретсіз тамақтану және аз қимыл салдарынан Таяу Шығыстың бірқатар елінде қант диабетімен ауыратын науқастар көбейді.



Соның ішінде Кувейт, Сауд Арабиясы, БАӘ, Бахрейнде соңғы жылдары екінші типті қант диабетімен ауыратындар саны өскен. БАӘ-де әрбір бесінші адамның қант диабеті бар. Елдегі қант диабетімен ауыратындар саны 2040 жылға қарай екі есе артуы мүмкін. ArabNews агенттігі осындай ақпарат таратты. «Парсы шығанағы — әлемдегі ең бай аймақтардың бірі. Мұнда басқа жерлерге қарағанда, көбінесе көлікпен жүретіндер көп. Тамақтың да түрі көп, соның ішінде жоғары калориялы тағамдардың үлесі жоғары. Бұл өз кезегінде адамдардың денсаулығына әсер етіп жатыр» дейді Әбу-Даби қаласының эндокринолог Сара Сулиман.

Ол аймақтағы қант диабетінің көбеюінің негізгі себептерін де атады. Оның айтуынша, Араб аймағының тұрғындары қантты газдалған сусындар, шырндар мен фастфуд өнімдерін шектен тыс тұтынады.

«Екінші типті қант диабетінің жаппай таралуының да негізгі себебі осы болып отыр. Сондай-ақ тұрғындардың аз қимылдауы да жағдайды ушықтырып барады» дейді ол.

ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҚ

Түркияның Газиянтеп уәлаятында әйелдерге арналған индустриялық аймақ ашылды. Бұл жайында Hurriet хабарлады.

Өндіріс орнын тек әйел кәсіпкерлер ғана жалға ала алады. Ал мұндағы цехтарда йел жұмысшылар ғана жұмыс істей алады. «Біздің мақсатымыз — әйелдер кәсібін қолдау және дамыту» дейді индустриялық аймақтың басшысы Нихал Сабак.

Бұл орталық әйелдерге бизнес ашу үшін бастапқы капитал бермейді. Алайда кәсіп бастау, экспортты ұйымдастыру, электронды саудамен айналысу, капиталды өз бегінше жинақтау, капиталды кәсіпке салу керек, бизнесті заң арқылы қорғау секілді құнды ақпараттар береді.

Әйелдер индустриялық аймағының ауданы үлкен емес. Сондықтан орын саны да шектеулі. Аймақта кім жұмыс істей алатынын арнайы комиссия анықтайды. Қазіргі уақытта 2700 шаршы метр аумақта 28 шеберхана, бір мәжіліс залы, келіссөздер жүргізуге арналған кабинеттер, өнімдерді көрсететін бөлме, сондай-ақ жұмыс істеуге мәжбүр жас аналарға көмек көрсететін балабақша бар.

Қазіргі таңда ндустриялық аймақта сәнгер Фатма Таш, аяқ киім тігуші Белкис Чағлар, кондитер Мерал Марангөз және өнім қаптамасының дизайнымен айналысатын графикалық дизайнер Дамла Камалак жұмыс істеп жатыр.

ФЕСТИВАЛДЕ ГИННЕСТІҢ 6 РЕКОРДЫ ЖАҢАРДЫ

Сауд Арабиясының астанасы Эр-Рияд қаласында 17 күнге созылған «Нұр-Рияд» өнер және жарық фестивалі аяқталды. Фестиваль барысында Гиннестің 6 рекорды жаңарды. Arab News агенттігі осылай деп хабарлады.

Атап айтқанда, лазермен түсірілген ең ұзын жарық сызығы, лазермен жасалған ең үлкен сурет, ғимараттағы ең үлкен және ең биік лазерлік кескін, фестивалге қатысқан ең көп дрон т.б рекордтар жаңарды. Фестивальге әлемнің 40 елінен барлығы 130 суретші қатысып, 190 туындысын көрмеге ұсынды.

«Нұр-Рияд» өнер және жарық фестивалін ұйымдастырудағы мақсат — көркем галереялардағы өнерді сақтау. Сондай-ақ қаланы шекарасы жоқ өнер кеңістігіне айналдыру. Сол арқылы қала тұрғындарына



керемет әсер сыйлау болатын. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл мақсат жүзеге асқан. Себебі Сауд Арабиясы астанасында өткен өнер және жарық фестиваліне 2 миллион 800 мыңнан астам қонақ келген.

САУД АРАБИЯСЫ ТУРИСТЕРГЕ ЖАҒДАЙ ЖАСАДЫ



Сауд Арабиясына сапармен келген саяхатшылар корольдік аумағында бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ұзақ тұра алады. Бұл жайында Saudi Gazette хабарлады.

Сауд Арабиясы бір реттік визаның уақытын үш айға дейін ұзарту туралы шешім қабылданды. Мұндай жаңашылдық сапардың мақсатына қарамастан бір реттік келушілер визаларына қатысты енгізілді. Транзиттік виза бойынша да осындай шешім қабылданды. Транзиттік виза иелері бұдан былай 4 күн аялдай алады.

АМСТЕРДАМ МЕШІТІ «МУЗЕЙЛЕР ТҮНІНЕ» ҚАТЫСТЫ

Нидерланды астанасында «Музейлер түні» іс-шарасы өткізілді. Биылғы іс-шараның ерекшелігі сол, мұсылман емес тұрғындар мешітке келді.

Амстердамның мыннан астам тұрғыны қаладағы «Фатих» мешітін зиярат етті. «Нидерланд халқын Ислам діні мен мешітіміздің ішкі құрылымы қатты қызықтырды» деді мешіттің баспасөз хатшысы Фатих Кемал Гозукот. Бұл жайында Daily Sabah басылмы жариялады. «Олар аяқ киім шкафынан бастап мінберге дейін барып, бәрін өз көздерімен көрді» деп жазды басылмы.



Амстердамның Чарн есімді тұрғыны мешітке өте жақын тұрады екен. Алайда ол мешітке бірінші рет барған екен. «Мешіттің іші маған қатты ұнады. Имамдардың дауысы де әлемді» деп өз әсерімен бөлісті Чарн.

Айта кетейік, мешіттің «Музейлер түні» сияқты шараларға қатысуының өз себебі бар. «Бұл — Нидерландыдағы исламофобиямен күресудің тамаша тәсілі» деп жазады Daily Sabah.

КАНАДАДА МҰСЫЛМАНДАР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Канаданың католигі көп аймағы — Квебек өңірі. Алайда елдің Статистика кеңсесі жариялаған жаңа мәліметтер халықтың конфессиялық құрамы қатты өзгеретінін көрсетті.



Montreal Gazette басылмының жариялауынша, 2021 жылы Квебектегі католиктер саны 4,8 миллион адамды, яғни халықтың 54 пайызын құраған екен. Ал одан он жыл бұрын 5,8 миллион адамды, яғни халықтың 75 пайызын құраған көрінеді. Осылайша онжылдықта елдегі католиктердің үлесі 21 пайызға азайып отыр.

Канаданың Статистика кеңсесі жариялаған мәлімет бойынша, осы он жылда аймақтағы мұсылмандар саны 73 пайызға өсіп, 421 710 адамды құрапты.

АҒЫЛШЫН ЖАЗУШЫСЫ ЧАРЛЬЗ ДИККЕНСТІҢ (1812-1870)
«ОЛИВЕР ТВИСТІҢ БАСТАН КЕШКЕНДЕРІ» РОМАНЫ 1837-1839 ЖЫЛДАРДА «BENTLEY'S MISCELLANY»
ЖУРНАЛЫНДА БӨЛІМ-БӨЛІМГЕ БӨЛІНІП, ЖАРИЯЛАНЫП ТҮРҒАН. АЛ КІТАП ТҮРІНДЕ АЛҒАШ РЕТ 1838 ЖЫЛЫ
ЖАРЫҚ КӨРГЕН. АВТОР АТАЛҒАН ШЫҒАРМАСЫНДА ТЕК БАС КЕЙІПКЕРДІҢ ТАҒДЫРЫН ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН
ҚАТАР СОЛ КЕЗДЕГІ БРИТАНИЯ ҚОҒАМЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІН ДЕ СУРЕТТЕГЕН.

ЖЕТІМНІҢ АЩЫ КӨЗ ЖАСЫ

XIX ғасырда Британияда «жұмыс үйі» деп аталатын ғимараттар болған. Мұнда кедей-кембағалдар, жетім-жесірлер, мүгедектер мен қариялар тұрып, ауыр әрі лас жұмыстарға жетілген. Таң атпай, ерте тұрып, түннің бір уағына дейін жұмыс істеген ерлі-зайыптылар ажыратылып, екі бөлек нысанда өмір сүрген. Аталған қоғамдық мекеме тұрғындарына берілетін тамақ та құнарсыз еді. Дені сау кісілер жұмыс үйіне келіп, масыл болмау үшін үкімет ондағы жағдайды әдейі қиындатқан. Соның кесірінен асыраушысынан айырылған әйелдер, бұғанасы бекімеген балалар, өзін қамтамасыз ете алмайтын мүгедектер мен қарттар зардап шеккен.

Чарльз Диккенс романындағы бас қаһарман Оливер Твист осындай жұмыс үйінде туған. Анасы оны дүниеге әкелген соң, бірнеше минуттан кейін қайтыс болады. Әкесі де ерте жан тапсырған. Оливер 10 айлығына дейін арнайы бөтелкеден сүт ішеді. Қызметкерлер оны есіне түскен кезде және зауқы болса ғана тамақтандырады. Шырлдап жылап жатқанына ешкімнің жүрегі елжіреп, жаны аши қоймайды. Бірге толғанда, басқа ғимаратқа ауыстырылады. Бүлдіршіндерге мемлекеттен аптасына бөлінетін қаражатты басшылық өз қажетіне жұмсап, балаларды әйтеуір аштан өлтірмей, тірі жүруіне ғана жағдай жасайды. Осындай күйде өскен Оливер тоғызға толғанда, бойы кішкентай, арық бала болады. Өзі секілді жұмыс үйінде өсіп жатқан балалардың бәрі де тойып тамақ ішпейді. Оларға күніне үш мезгіл сорпа беріледі. Сорпаға аптасына екі рет қана пияз қосылады. Жексенбіде жарты кекс жейді. Ал мемлекеттік мерекелерде құнарсыз сорпаны бір жапырақ нанмен ішеді. Әр балаға бір шағын төрелке ғана тамақ беріліп, ешқайсының қарны тоймайды. Екінші порциясын сұрауға өлердей қорқалды. Балалар сорпаны түк қалдырмай ішіп, ыдыстың түбіне дейін жалпап-жұқтап, жалтыратып қоятындықтан, төрелкелер де аса сирек жуылатын. Үнемі аш жүруден қажыған жеткіншектер бір күні өзара дауыс беріп, тағы тамақ салып беруді сұрауға кім баратынын анықтайды. Бұл міндет Оливерге жүктеледі. Ол семіз аспазға барып:

— Мырза, өтінемін, маған тағы тамақ салып беріңізші, — дегенде, аспаз:

— Не дейсің!? — деп түсінбей қалады бастапқыда. Себебі бұрын-соңды ешбір баланың үстеме тағам сұрауға батылы жетпеген.

— Өтінемін мырза, маған тағы кішкене тамақ салып беріңізші, — деп қайталайды Оливер. Ашуға булыққан аспаз ожаумен оның басынан бір қойып, жағасына жармасады да, айғайлап, жұмыс үйінің басшысы Бамбл мырзаны шақырады.

Мән-жайды естіген Бамбл мырза тағы да тамақ сұрап, «Мінез көрсеткен» Оливерді бірнеше күн бойы қараңғы бөлмеге қамап қойып, жазалайды. Сонымен бірге қақпаға мынадай хабарландыру іледі: «Оливер Твисті жұмыс үйінен алып кеткен кісіге 5 фунт стерлинг сыйақы беріледі». Оны Саубери мырза деген табыт жасаушы қарамағына алады. Бұл кісінің үйінде де Оливердің өмірі айтарлықтай өзгермей, жетім бала итке берілетін қалдықты жеп күн көреді. Сонымен бірге оны өзінен үлкен өзге жұмысшылар мазак қылып, марқұм шешесіне тілі тигізіп, ақыры төбелесуге дейін

жеткізеді. Бұл үшін Оливерді барлығы жабылып ұрып, көкала қойдай қылып сабайды. Сондықтан ол Лондонға қашып кетуге мәжбүр болады.

Оливер жеті күн арып-ашып жол жүріп, далада түнеп, қалшылдап тонып, Британия астанасына әлсіреп зорға жетеді. Онда қылмыскерлер мен ұрылардың ортасына түсіп қалады. Фагин есімді кісі оған әуелі тамақ беріп, қамқорлық жасағандай сынай танытады. Алайда ол қарт бауқеспе еді. Жартас түбіндегі үнгір тәрізді тұрғынжайында Оливердей 10-12 жастағы балаларды қасына жинап, ұрлыққа баулиды екен. Оливерді бірнеше апта бойы қараңғы бөлмеде қамап ұстап «тәрбиелейді», дегеніне көңуге мәжбүрлейді. Сөйтіп оны да қалта ұрысы қылғысы келеді. Алайда тумысынан таза, ниетпейілі ақ бала мұндай лас кәсіпке бейімделе алмай-ақ қояды.

Бір күні жасы өзімен шамалас екі жеткіншекке еріп, көшеге шығады. Әлгі екеуі бір қарияның қалтасындағы бағалы заттарын ұрлап қашқанмен, жазықсыз Оливер қолға түсіп қалады. Полицейлер мен жұрт оны соққыға жығады.



Чарльз Диккенстің романындағы барлығы жағымсыз кейіпкердің ақыры қайғылы аяқталады. Мәселен, Фагин ұсталып, дарға асылады. Монкс Америкаға қоныс аударғанмен, қылмыс жасауын ол жақта да доғармай, сонда абақтыға қамалып, қайтыс болады. Ал Билл Сайкс өзінің жақын құрбысы Нэнсиді өлтіріп, кейін өзі де қаза табады.



Алайда бұйымдары ұрланған Браунлоу мырза деген қария мейірімді кісі екен. Оливерді полиция бөлімшесінен үйіне алып кетеді. Әбден таяқ жеген баланы жеке дәрігеріне қаратып, емдеп-жазады. Үй қызметшісі Оливерді күтіп-баптайды, дәмді тамақтар береді. Браунлоу мырза Оливердің бастан кешкендерін, қасіретті тағдырын естіген соң, өзімен бірге тұра беруіне жағдай жасайды.

Алайда бауқеспе Фагин баланы жайына қалдырмайды. Ол кездегі заң бойынша қылмыскерлер қолға түсіп, кінәсі дәлелденсе дарға асылады екен. Фагин «Оливер бізді өшкерелеп, ұстап бере ме» деп қауіптенеді. Сондықтан адамдарын жіберіп, оны тонап әкетеді. Тағы да ұзақ уақыт қараңғыда қамауда ұстап «тәрбиелейді».

Содан соң Билл Сайкс және Тоби Кракит деген екі тонаушыға қосып, оны үй тонауға жібереді. Билл Оливердің басына тапаншасын тақап тұрып: «Осыдан айтқанымды екі ететін болсаң, миыңды шашып жіберемін», — деп қорқытады. Түннің бір уағында үйді тонау үшін терезеден кірмек болғанда, іштегілер оянып кетіп, тапаншамен атады. Оливерге оқ тиіп, жараланды да, ал нағыз қылмыскерлер Билл мен Тоби қашып кетеді. Әйтсе де бұл үйдің иесі Роз Мейли ханым жүрегі кең, жақсы кісі екен. Дәрігер шақыртып, Оливерді емдеткізіп, қамқорлығына алады.

Шығарманың соңғы бөлімдерінде бас кейіпкерді қылмыскерлер қайта-қайта тонап әкетіп, нәліктен оны ұры қылғысы келгені белгілі болады.



Айдарды Жанболат Аупбаев жүргізеді



Қазіргі әдебиетсүйер қауым Қойшығара Салғара ағамызды ойшыл ғалым, зерделі зерттеуші ретінде жақсы біледі. Дей тұрсақ та өзара бас қоса қалған әңгіме-жиындарда: «Ол кісі бір кезде өлең жазып, алғашында өлге ақын ретінде танылған жан», — десек, кейбір жастардың таңданып қалары анық. Иә, солай. Бұл еш қоспасы жоқ шындық. Оған дәлел – ағамыздың 1966 жылы «Жазушы» баспасынан «Тұңғыш кітап» сериясымен жарық көрген «Ілгешек» атты өлеңдер жинағы. Кейіпкеріміз содан соң барып прозаға ауысып, 1976-

1985 жылдар аралығында оқырмандарға «Сол бір күндер», «Соқпақ жолға бастайды», «Тағдырлар тоғысы» секілді әңгімелер мен повестер кітаптарын ұсынды. Ал одан бергі кезеңде жұртшылық ағамызды ізденімпаз ғалым, мойымас мұрағаттанушы ретінде танып, зерделі зерттеушінің «Алтын тамыры», «Көмбе» және «Қазақтар» атты көптомдық тарихи еңбектеріне тәнті болып келеді. Ұлт руханияты әлемінде осындай өзіндік із қалдырған қаламгердің жоғарыдағыдай жетістіктеріне біз қуанамыз, мақтанамыз. Сөйте отырып, Қойшекеңнің өлең бөйгесіне ат қосқан сонау жылдарды поэзиялық тауындарын да ұмытпай, оқырмандарды олардан шығын топтама әзірлеп, ұсынып отырмыз.

ТҮН СУРЕТІ

Мелшиіп, меңіреу түн қозғалмайды,
Бұта аңғартпай тұр-түсін көз алдайды.
Жыртқық бұлт жапсарынан жетім жұлдыз,
Қызықтайды, күні өтіп тозған айды.

Қоңыр көрпе жамылып қараша үйде,
Дала жатыр шаршаған марғау күйде.
Оқшау тіккен отаудай анау тұстан,
Қарауытып көрінед бір шоқ жсиде.

Ирген қараңғылық ұршығынын,
Жібін үзер тілейімін күн шығын.
Аласұрған дәрменсіз мен байғұстың,
Кім түсінер жанымның тұншығуын.

КӨКТЕМ КӨРІНІСІ

Көк қылтиды,
Жапырақ құлақтанды.
Аралап жүр сылаңдап бұлақ талды.
Көктем қуып барады алдына сап,
Қайырымы жоқ, кәрі қыс-шұнақ шалды.
Жан-жануар бәрі маз,
Барлығына тентектігі көктемнің ұнап қалды.
Тентектігі – еркелік, қайран жастық,
Қайтерсің, бізден сырттап, жырақтанды.
Көк қылтиды,
Жапырақ құлақтанды.

АУЫЛ

Жел баяу желпиді жәй, бетіңді өбін,
Шуда бұлт көк аспанда шөкімденіп,
Қалқиды, әжем жуып, жайып қойған,
Ақ шулан жабағысы секілденіп.

Түрленген көктемімен кезігіп қыр,
Елтігендей елжіреп езіліп тұр.
Бүрленген тобылғының гүл жарғаны,
Ауада ісінен сезіліп тұр.

Беткейді бетке алыпты түлік төлі,
Құлдырап құлын-көңіл еліктеді.
Аңсар ауыт әрнеге, еске оралды
Жалаулы жастық шағым желікпелі.

ДАУЫС

Сен — Адамсың!
Өзіндік тұлғасың.
Сондықтан бәрінен жоғары бір Басың.
Тағдырың қайда, қалай бұрмасын,
Заманың тезге сап, ырғасын,
Бәрібір жігерің жасып,
Сағың сынбасын.

Жүрегің Ақылдың тыңдасын,
Намысың Жаныңды мыңдасын.
Қадірлі Басың қадірсіздің алдында
іліп тұрмасын.
Өйткені, Сен — Адамсың!
Өйткені, Сен — Тұлғасың!

Қойшығара САЛҒАРА



АХМЕТ пен МҰХТАР

(ұлылар үндестігі)



**БИЫЛ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ
ЕКІ БІРДЕЙ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
МЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ
МЕМЛЕКЕТТІК, ТІПТИ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ
АТАП ӨТӨРЛІК
МЕРЕЙТОЙЛАРЫ ЖЫЛЫ.
БҰЛ - КӨЗІҚАРАҚТЫ ӘРБІР
ҚАЗАҚ АЗАМАТЫН ӨТКЕНДІ
ОЙ САРАБЫНАН ӨТКІЗІП,
БОЛАШАҒЫМЫЗҒА ҰЛЫЛАР
САЛЫП КЕТ КЕН ЖОЛДАН
ҮЛГІ АЛУҒА БАСТАЙТЫН
ЕРЕКШЕ МҰМКІНДІК.**



Ахмет Байтұрсынұлының тұтас бір оқығандар шоғырының бөріне де ұстаз болғаны өз дәлелін тапты. Ол туралы Міржақып Дулатұлы, Сәкен Сейфуллин, Смағұл Сәдуақасұлы т.б. зиялылар көсілте жазды. Солардың ішіндегі Ахан-ның казакқа сіңірген еңбегін жан-жақты ашып берген Мұхтар Омарханұлы болды десек, қателеспейміз. 1923 жылы «Ақ жол» газетінде жариялаған «Аханның елу жылдық тойы» деген мақаласында берілген шынайы баға – соның дәлелі.

«1905 жылы Қарқаралыда Аханмен біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке казак халқының атынан петиция жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен

сөздер: Бірінші, жер мәселесі, казактың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші, казак жеріне земство беруді сұраған. Үшінші, отар-шылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін ол күннің барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, казак жұртын мұфтиге қаратуы сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелердің жәйі осы. Ой ойлаған казак баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахандар бастаған іске қыр казактарының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған...»

«...Қазактың енкейген кәрі, енбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі танның салқын желіндей ширектің етек-жеңін жиғызған «Қазак» газеті болатын...»

«Қазак» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ахан салған өрнекті біліп, Ахан ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жана аттап, ішіне жана кіріп жатыр. Аханның бұл істеген қызметі – казактың ұзынырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш. Осыдан бір ғасыр бұрын айтылған ойлар қазір де шамшырақтай жанып тұр!

Бір сөзбен тұжырымдап айтқанда, биыл 150 жылдығын тойлағалы отырған Ахмет Байтұрсынұлы да, туғанына 125 жыл толған Мұхтар Әуезов те – өз істерімен, жазған еңбектерімен өздеріне өшпес ескерткіш орнатып кеткен дара да дана тұлғалар. Еліміз тәуелсіздігінің казіргі тұсында да олардың айтқан, жазған ойларынан қуат алып, ел іргесін бекемдеп, ғасыр өтсе де әлі де жүзеге асыруға болатын мәселелер бар екенін ұмытпайық! Сол үшін олардың астарлап та, батыл тікелей айтқан пікірлеріне қайыра жүгініп тұру – біздің парызымыз.

**Бауыржан ЖАҚЫП,
филология ғылымдарының докторы,
профессор**

ҚАЖЫМҰҚАННЫҢ ӘЖЕСІ БАЛУАН БОЛҒАН БА?



(Басы 1-бетте)

Мұнайтпаспен қатар Танатар, Марқа батыр деген алыптар содан туған.

Айтты айтпай не керек, Айсары араб батыры Ғалимен күресетін Дариға қыздай күші тасыған палуан-батыр әйел болған-ақ. Тіптен оның ерекше қуатты жан екендігі рулы елге алғашқы күндерінен әйгіленген. Мысалы, атан түйе құдыққа құлап, ауылдың жиырма-отыз адамы, жігіт-желені жабылып құдықтан ала алмағанда, жаңа келіншек боп түскен Айсары басындағы сәукелесін жерге қойып, түйені бір өзі сүйреп шығарады. Осының өзі ол адамның қандайлығынан хабар берсе керек.

Тағы бір айта кетерлік жайт, жаугершілік заманда Танатар, Ернақы, Марқа алыс жерден жылқы қуып келеді екен. Сонда Айсары да бірге баратын болған деседі. «Бір жолы Ернақы мал қуған Айсарымен жеке шығады. Қалың жылқыны айдап қашады. Таң ата артынан елу-алпыс жар аулы жігіт жетеді. Бірақ ер мен әйел соның бәрін де аттан құлатып, ұрып жығып кетеді. Айсарының өзі жиырма жігітті түсіріп кеткен. Айсары жылқыда жүрген асау айғырларға шауып бара жатып құрық салып, тоқтатып қала береді екен» деп хабарлайды бұл тұрасында «Бабалар сөзі».

Елді ер, ерді ел сақтаған заман. Өз кезегінде бұқараны әлі де хан тұқымдары жұмылдырып отырған шақ. Сөйтіп Айсарымен жау қайырып жүріп Ернақы – Кенесарының қырық батырының

біріне айналады. Кенекөз өзінің батырларына «Бас батыр», «Бала батыр» деп атақ береді екен. Бас батырлар қатарында осы Ернақы сияқты алыптар болған. Былайша айтқанда, Ернақы өзінің барлық өмірін Кенесары мен Науан қасында өткізген десек те артық емес. Бұл сөздің де шындығы бар.

1846-1847 жылғы қырғыз бен казактар арасында болған соғыста Ернақы Науан, Иман, Ағабайлармен бірге соғысқан. Шайқастарда аса үлкен қайрат көрсетеді. Ернақы қайтпай ұрысады екен. Сол үшін Кенесары оны артықша қадірлепті.

Ернақы есероктау, «ұр да жық» батыр болады. «Қан жұтсаң, жүрегің айнымайды» деп, қан ұрттап алған күндері де болса керек. Ернақы жеті жүз кісімен Алаудан асып, Токпақ түбіндегі Майтөбе деген жерге шабуыл жасағанда, қолға түсіп мерт болады. Бұл 1847 жылы болған. Сонымен Ернақы өзінің ерлігін Кенесары қозғалысымен бастап, сонымен бітірген. Ернақы 1795 жылы туып, 1847 жылы 52 жасында өлген болады (Балуан тас).

Қажымұқан Айсарының тоқтасқан кезіндегі бір әңгімесін айтады:

– Бұл Ернақының қырғыз жерінде мерт болып, Айсарының жесір қатын, жетім бала болып Арқаға азып-тозып барған кезі болса керек. Қараөткелде Қажымұқ дейтін бай ноғай:

– Пар ат тарта алмаған ағаш отынды тартатын ат бар ма? – деп сұрайды. Отыны жолда қалып бара жатса керек. Сонда Айсары:

– Бізде төрт аяқты мал жоқ, екі аяқты бар, – деп баймен үш сомға шарттасып, қарға батқан арбаны отынымен байдың қорасына тартып барады.

Әулеттік естеліктеріне сүйеніп, Қ.Мұнайтпасов атындағы облыстық спорт музейінің экскурсия жетекшісі, палуанның шөпшегі Меруерт Ескермес «Елімде болса – менікі, менде болса – елімдікі!» атты «Оңтүстік Қазақстан» газетіне берген сұхбатында «Сондай қиын уақытта жалшылықпен күнелткен Айсары Қараөткелден Арқаға арып-ашып бара жатып қос атты арбалы кісіге жолығады. Отын тиелген арбаны орнынан қозғалта алмай әбігерленген әлгі кісі қамығып: «Осы арбаны тарта алатын ат болғанда...» деп күйінеді. Сонда: «Байкеке, қолымда төрт аяқты малым болмаса да, соның қызметін атқара алатын күш-қуатым бар» деп,

Айсары баймен он сомға шарттасыпты. Осылайша, әйелдің отынды үйіне жеткізіп бергеніне аң-таң болған бай оған он сомының орнына қырық сом, киім-кешек пен азық-түлік беріпті» деп Қажымұқ сөзін қайтара шегелей түседі. Тіпті Меруерт Ескермес «Сол кезде Айсарымен белдескен талай палуандар «қазым, жаңылдым» деп зорға қашып құтылатын кәрінеді» деп те арғы әжелерінің балуандық қырына ерекше тоқтатып өтеді.

Расымын де, Қажымұқанның дерегімен 1946 жылғы араб әрпімен хатқа түскен жазбаларда да мұның дәлелі бар. Сондағы дерекке қарағанда, Айсары ерегескен кезінде балауанға да түскен. Қараөткелде Өзбекстаннан Қара балуан дейтін балауан барады. Бір пұт өрік, бір пұт мейіз, бір пұт жаңғақ тігіп:

– Мені жыққан кісіге осыны беремін! – деп бүкіл Қараөткел еліне жар салады. Қара балуан жүрген жерінің бәрін де қиратып, жыға береді. Ең ақырғысы Қараөткелдің құрттай қайнаған жәрмекесінен де ешкім табылмайды. Сонда намысы қызған Айсары ғана шыққан деседі. Біраз жұлдырғандан кейін Айсары Қара балуанды үйіріп-үйіріп жіберіп тік көтеріп алады:

– Бәйгедегі бересің бе, жоқ, қабырғанды күйретпей бе? – дейді. Қаруы екі қолында болса керек. Қара балуан Айсарының бәйгесін беріп құтылады. Бұл 1860-1870 жылдар шамасы болса керек.

Тужыра айтар болсақ, Айсарының Қажымұқанның Қажымұқан болып қалыптасуында рөлі зор. Өйткені балауанның өз нағашысы – қыпшақ, ал анасы оның ішінде бұлтың Лөк дейтін батырдың Қабирәсімі қызы. Мұнайтпаспен отасқан одан Қажымұқан, Әлі дейтін екі ұл туған. Әлі ертеректе өліп кетеді. Қабирәсімі Қажымұқан екі жасқа келгенде 1873 жылы шамасында өлген. Яғни ол Мұнайтпаспен екі-үш жыл отасқан. Содан соң Қажымұқан әжесі Айсарының қолында қалып, әжесінің тәлімімен өскен. Азамат болып қалыптасуына барынша қам қылған. Бұл енді ресми кітаптарда жүрген дерек...

...Ауыл арасындағы той-думандарда күреске түскенде жауырыны жер искемегені үшін ел арасында «Жуанаяқ» атанған Мұнайтпаспай әкеңнің алдында құлдырандай жүгіріп, өзен-құдықтан су тасып, үлкендердің өнегелі әңгімесін тыңдап, құрық ұстап өскен ер мінез Толағайдың құлшынысы да басқа болмақ. Әке ақылы – ақ пен қараны ажыратуға, ел мен жерді сүюге, кішіге қамқор, үлкенге құрмет көрсетуге, мандай тері сінген еңбектің дәмді тіл үйретінін ұқтыруға үлкен көмекші. Ал Айсарыдай әжесінің ұршық иіріп, құрт жайып, күбі пісіп, май алған кәрі балуан бармақ-саусағы мандайын сипағанынан асқан мейірім бар ма? Әженің ақ жаулығына барлық кішіпейілділік пен мейірім ерлік рухымен қатар сіңіп, немересіне елжіреткен сәт тамырын бойлап, балаға берілген сынайлы. Әже тербеткен бөсік пен әже айтқан әлди-әнде де қия бар. Бағуына қарай мал өседі, тәрбиені қарай бала өседі. Сондықтан да Қажымұқан қалайша мұндай биіктерді бағындырды деудің өзі артық.

Айсары жүз үш жасқа келіп, 1900 жылы Қараөткел дуаны, Есіл бойындағы Сарытерек болысында дүниеден өткен.

**Абылайхан ҚАЛНАЗАРОВ,
мәдениеттанушы-лингвист**



Қажымұқан балауанның әжесінің қабірі



FIFA WORLD CUP
Qatar 2022

жаланаштап, олпы-солпы жүрген жанкүйерлерге де қатан қарайды.

Доға бірқатар мұсылман құрамасы қатысты. Соның ішінде алғашқы сенсацияны Сауд Арабиясы жасады. Олар топтық кезеннің беташар матчында әйгілі Месси бастаған Аргентина құрамасын 2:1 есебімен жеңді. Француз маманы Эрве Ренар баптайтын құрама екінші таймда мінез көрсетті. Сәлех әш-Шехри мен Сәлем әл-Досари мергендік танытып, әлем футболының шокжұлдыздарына істерге айла қалдырмады. Саудиялықтар қалған екі ойында жеңілді. Польшадан 0:2 болып ұтылғанымен, Мексикаға

Әлем чемпионатына үлкен қысыммен келді. Елінде болып жатқан саяси толқудың бір ұштығы аяқдопшыларға да тиіп жатыр. Тіпті билік Әлем чемпионаты кезінде шетелдіктермен сөйлескен футболшыларды қудалайды, түрмеге жабады деген әңгіме де желдей еседі. Сондай қысымға қарамастан Карлош Кейруш баптайтын құраманың әрбір мүшесі жасыл алаңда жанын сала жүгірді. Ол нәтижесіз де болған жоқ. Англияға қарсы ойында 2:6 есебімен жеңіліс тапқанына қарамастан ирандықтар аса жігерлі ойынымен көзге түсті. Ал Уэльске қарсы матчта олар бұл мундиальдағы алғашқы жеңісіне қол жеткізді, есеп 2:0. Алайда АҚШ құрамасынан 0:1 есебімен жеңілген соң топтан шығу мүмкіндігінен айырылды. Соған қарамастан

жағынан отандасы Марадоннадан озы. Әрі Месси – Аргентина құрамасы сапында 4 ӘЧ-де (2006, 2014, 2018, 2022) қатарынан гол соққан тұңғыш футболшы. Енді ширек финалда Нидерланд пен Аргентина кездеседі. 1/8 финалда Франция Польшаны оңай айналып өтті (3:1). Англия да Сенегалды ойсырата жеңді (3:0). Сөйтіп Еуропаның қос алыбының жолы ширек финалда түйсетін болды.

Биылғы ӘЧ – көптеген жұлдыз ойыншының соңғы әлем чемпионаты. Соның ішінде Криштиану Роналду мен Лионель Мессиді ерекшелеп атаймыз. Екеуі де 5 Әлем чемпионатына қатысты. Роналду бесеуінде де гол соққан жалғыз ойыншы болса, Месси – бесеуінде де голға пас берген жалғыз ойыншы. Олар 16 жыл бойы әлем футболының үздігі болып келе жатыр. 16 жыл бойы жоғары кәсіби деңгейде ойын көрсетіп, бір-бірінің рекордын 16 жыл бойы

үздіксіз жаңартуда. Бұл екі үздіктен бөлек Роберт Левандовский (Польша), Неймар (Бразилия), Анхель Ди Мария (Аргентина), Каземиро (Бразилия), Луис Суарес (Уругвай), Лука Модрич (Хорватия), Эден Азар (Бельгия) сияқты аңыз футболшылардың да келесі мундиальға келуі (құрамалары жолдама алған күнде де) екіталай. Соның есесіне бұл мундиаль Габи,

ЧЕМПИОНАТЫ



СЕНСАЦИЯҒА ТОЛЫ
ӘЛЕМ

Футболдан XXII Әлем чемпионатының Ислам елі Катарда, қыс маусымында өткізілуінің өзі сенсация еді. «Әл-Байт» стадионында өткен ашылу салтанатында Құран аяттарының оқылуын да сенсацияға балауға болады. Әлем чемпионатындағы Катардың ерікті елшісі, дүниеге екі аяқсыз келіп, соған қарамастан өмірге деген ғажайып құлшынысымен күллі әлемді төңті өткен 20 жастағы қари Ғаним әл-Мифтах аят оқып, чемпионаттың шымылдығын ашты.

ғажайып ареналарға деген қажеттілік жоқ. Аталған ареналар мундиальдан соң қажетсіз боп қалмауы үшін әрбіріне жеке жоспар жасалған. Яғни Әлем чемпионаты аяқталған соң стадиондардың бірін қайта бұзып, басқа нысанға айналдырса, енді бірінің сыйымдылығын азайтады. Тағы бірін біржола бұзып, пайдаланылған материалдарды басқа елдерге бермек. Мәселен, биыл ғана пайдалануға берілген 80 мың адамға лайықталған «Лусаил» стадионының орнына тұрғын үй кешені салынбақ.

Катар бұл Әлем чемпионатына ұзақ жыл дайындалды. Ойын барысында көріп отырғанымыздай олар мундиальды мінсіз өткізуге бар күшін салған. Бұл тарихтағы ең қымбат Әлем чемпионаты ретінде қалары сөзсіз. Катар билігі әлемдік доп додасын өткізу үшін 200 млрд доллардан астам қаржы жұмсаған. Шығынның басым бөлігі метро, отель, жол құрылысына және халықаралық әуежайларды қайта күрделі жөндеуден өткізуге жұмсалыпты.

Осы жолғы бәйге 32 ұлттық құрама қатысқан соңғы турнир болмақ. Келесі АҚШ, Канада және Мексика жерінде өтетін Әлем чемпионатынан (2026 жылы) бастап 48 құрама бақ сынайды.

Катардағы футбол ойындары 5 қаладағы 8 стадионда өтіп жатыр. Алайда футбол тойы өтетін шаһарлар бір-біріне жақын, тығыз орналасқан. Бір сөзбен, Әлем чемпионаты Доха және оның манайында өтеді деп айтуға болады. Шын мәнінде Катардың «футбол елі» емес екені белгілі. Халқының саны 2 миллионға жуықтайды. Елде негізінен мигранттар жұмыс істейді. Жергілікті чемпионат аса жоғары беделге ие емес. Сол себепті мундиаль өтіп жатқан



Осы жолғы мундиаль сыраға тыйым салынуымен де ерекшеленеді. Әдетте мұндай жаһан жанкүйерін жинайтын ғажайып доданы алкогольсіз елестету қиын еді. Ал Катарда ешбір жанкүйер стадион ішінде және оның аумағында сыра іше алмайды. Ұйымдастырушылар кеудесін

қарсы ойында айтары бар екенін аңғартып, бір гол соқты (1:2). Вететін Марокко құрамасы айды аспанға шығарып – өз тобында бірінші орын алып, плей-офф кезеңіне жолдама алды. Бұл құрама плей-оффқа соңғы рет 1986 жылы шыққан екен. Дәл сондай жетістікке араға 36 жыл салып қайта жетіп отыр. Олар F тобында әуелі хорваттармен тең ойнап (0:0), сосын Бельгия (2:0) мен Канаданы (2:1) жеңді.

Айрықша мінез көрсетіп, топтан шығарлықтай әлеуеті бар екенін паш еткен Иран құрамасын да аттап өте алмаймыз. Осы елдің футболшылары

- Криштиану Роналду (Португалия) 5 Әлем чемпионатында (2006, 2010, 2014, 2018, 2022) гол соққан әлемдегі жалғыз футболшы.
- Топтық кезеңдегі бес матчта қақпаға гол соғылған жоқ. Олар: Англия – АҚШ (0:0), Мексика – Польша (0:0), Дания – Тунис (0:0), Хорватия – Марокко (0:0) және Корея – Уругвай (0:0). Мұндай нәтиже Әлем чемпионаттары тарихында бұрын-соңды тіркелмеген.
- ӘЧ тарихында тұңғыш рет матчқа әйел төреші қазылық жасады. Ол – Стефани Фраппар (Франция). Ол бас төреші ретінде E тобындағы Германия – Коста-Рика (4:2) матчында жұмыс істеді.

Иранның көз тойдырарлық намысты ойыны көптің есінде біразға дейін жүретіні анық.


Жалпы топтық кезеңнен құрамалардың қай-қайсы да мақтауға лайық. А тобынан Нидерланд пен Сенегал, B тобынан Англия мен АҚШ, C тобынан Аргентина мен Польша, D тобынан Франция мен Австралия, E тобынан Жапония мен Испания, F тобынан Марокко мен Хорватия, G тобынан Бразилия мен Швейцария, H тобынан Португалия мен Оңтүстік Корея плей-офф сатысына жолдама алды. Алысқа шабуы мүмкін ау деп топшыланған Уругвай, Бельгия, Германия, Дания, Мексика құрамалары үшін бұл мундиаль сәтсіз аяқталды. 1/8 финалда Нидерланд пен АҚШ жолғыып, Луи Ван Галь баптайтын жігіттер америкалықтарды еліне қайтарса (3:1), Аргентина Австралиядан 2:1 есебімен басым түсті. Бұл ойында Месси Әлем чемпионаттарындағы 9-голын соғып, ӘЧ-дегі голдар саны

Педри (екеуі де – Испания), Ришарлисон (Бразилия), Коди Гакпо (Нидерланд) сияқты жас таланттардың абыройын асқақтатып жатыр.

Бәрінен айт та, бірін айт, Катардағы доп додасы Мбаппенің мундиальды болатын түрі бар. Франция құрамасының лидері осы турнирде 5 гол соқты. Польша құрамасына қарсы кездесуде дубль жасап өзінің нағыз кемел шағында жүрген аяқдопшы екенін көрсетті. Осылайша ол Франция құрамасы сапында жүріп Әлем чемпионатының бес матчында қатарынан мергендігімен көзге түскен екінші ойыншы атанды. Бұған дейін мұндай жетістікке 2018 жылы Антуан Гризман жеткен.

Айтпақшы, 2030 жылғы Әлем чемпионаты да мұсылман елінде өтуі мүмкін. 2030 жылғы мундиальды өткізуге Сауд Арабиясы, Мысыр және Грекия бірлесіп өтініш беріп отыр.

Ақжиріт ӘДІЛБЕКОВ



Munara logo and address information: Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми газеті. Меншік иесі: «Munara gazetі» ЖШС

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ: Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға) Ершат ОҒҒАР Кенжеәлі МЫРЗАБАЕВ Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ Марат БЕКТАЗИНОВ Смайыл СЕЙТБЕКОВ Батыржан МАНСУРОВ Нұрлан ҚАЙЫРБЕКОВ Жәнділла БЕКЖІГІТОВ Марат ЖАППАСБАЕВ Ерболат ЖҮСІПОВ Бақдәулет АБДРАХМАНОВ Төлеби СПАН Қуаныш СӘБИТ

Серікжан ЕНШІБАЙҰЛЫ Алтынбек ҰТЫСХАН Бейбіт ӘЛІПБЕКҰЛЫ Естай АЙТУҒАНҰЛЫ Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ Бахытбек ТӘЖІМБЕТ Әнуар ЕЛЖАНОВ Бақытжан ҚҰРАЛБАЙҰЛЫ Жолдас ҚОСПАҚҰЛЫ Хамзат ҚАЖЫМҰРАТУЛЫ Еркебулан ҚАРАҚҰЛОВ Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ Ермек МҰҚАТАЙ Асқар МҰҚАНОВ Алмас ДАНАҒҰЛОВ Елдос ЖҰМАДІЛДА

Директор – Мұрат МАНАПҰЛЫ Бас редактор – Серікбол ХАСАН Шеф редактор – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ Шариғи редактор – Хасан АМАНҚҰЛ Жауапты хатшы – Елдар ҚАБА Фототілші – Қайсар ТҰРЛЫБЕКОВ

Редакцияның мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Қарасаз, 3 «Munara» газетінің редакциясы Пешта: munara@mufyat.kz Телефон: 8 (7172) 999866 Жазылу индексі: 64747 Газет айына 2 рет шығады Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 08.10.2019 жылы тіркеліп, №KZ26VPU00015760 куәлігі берілген.

«Munara» газеті редакциясының компьютерлік орталығында беттелді. ТАРАЛЫМЫ – 30 000 Тапсырыс: №77 Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй, «Дәуір» РПБК ЖШС Тел: 8 (727) 273-50-53 Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Басылымда Алла Тағаланың есімі мен Құран аяттары жазылғандықтан, газетті аяқасты етпеулеріңізді сұраймыз.